

Ко-фен Д.К., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, тарих факультеті, ИО-24-4 к-топ, студент.

(Ғылыми жетекші Амрина М.С. - т.ғ.к., профессор ассистенті)

МЕНИҢ ОТБАСЫМНЫҢ ТАРИХЫ - ОТАН ТАРИХЫНДА

Қандай адам болмасын оның әулетінің, отбасының тарихы ол адамның болашақ өмір жолына үлкен сабақ береді, жол көрсетері анық. Мен Ко-фен Дина Константинықызы өз әулетімнің, отбасымның тарихын ерекше тағдырлы деп есептеймін, өйткені көп ұлтты, өзге мәдениетпен сабақтастықтағы әулет. Менің атам - Гунь Вэнь Чуаньнің (1940–2025 жж) – тарихи тағдыры – бұл тек бір адамның басындағы оқиға емес, атамның өмірі арқылы ол кісі өмір сүрген дәуірдегі екі ел арасындағы тұтас қоғамдық саяси дамудың, халықаралық байланыстардың әсерін көрсете аламыз деп ойлаймын. Сондықтан менің бүгінгі қарастырып отырған тақырыбым осы тұрғыдан алғанда өзекті болып табылады. Атамның Қазақстандағы тағдыры, өз ұрпақтарының қалыптасуына қосқан өзіндік орнымен есте қалады. Атамның, ол кісінің жанұясының өмір жолы, еңбекке деген қажымас қайраттары, сол сияқты көрген қорлығы және шынайы махаббаты оның ұрпақтары - біздер үшін қашанда үлгі болып, әрбір ұрпаққа өзінің түп тамырын, адамзаттық-мәдени құндылықтарды және адамгершілік-рухани сабақтарын мұра етті. Осы мақалада мен атамның өмірін, оның Қазақстанға қоныс аударуы және отбасын құру жолындағы тарихи тағдырын баяндап, Қазақстандағы көпұлтты қоғамда өсіп келе жатқан жас ұрпақ ретінде қандай адами құндылықтарға мән беретінімізді көрсетуге тырыстым. Отбасылық дерек негізіндегі тарихи тағдыр: Ко-фен Чуаньнің (Гунь Вэнь Чуань) өмір жолы.

Менің атам Қытай Халық Республикасының Цзянсу өңірінде дүниеге келген. Отбасылық мәліметтер әкем Константин мен көкем Руслан естеліктері негізінде берілді. Осы деректерге сәйкес, атам үш ағайынды болған. Балалық шағы тарихи тұрғыдан күрделі кезеңмен тұспа-тұс келді: ол бес жасында әкесінен, ал он бес жасында анасынан айырылған. Бұл қайғылы жағдайлардың отбасы өміріне тигізген әсері сол дәуірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалымен байланысты қарастырылады. Атамның дүниеге келген уақыты 1940-жылдарға сәйкес келеді. Бұл кезең Қытай үшін де, әлем үшін де ауыр сынақ жылдары болды. Екінші дүниежүзілік соғыс және Қытай аумағындағы соғыс қимылдарының салдары халықтың тұрмыс деңгейіне, денсаулық жағдайына және демографиялық ахуалға елеулі ықпал етті. Отбасылық әңгімелерде ата-анасының ерте қайтыс болуының нақты себептері сақталмағанымен, сол кезеңдегі жалпы тұрақсыздық пен қиыншылықтардың әсері болуы мүмкін екендігі айтылады. Өкінішке қарай, атам ата-анасының және бауырларының есімдерін нақты есінде сақтай алмаған. Бұл жағдай соғыс жылдары мен кейінгі ауыр тұрмыстық кезеңдердің отбасылық жақпа тигізген әсерімен түсіндіріледі. 1950-жылдардың соңы мен 1960-жылдардың басы Қытай тарихындағы аса күрделі кезеңдердің бірі болды. Бұл жылдар елдегі саяси және экономикалық реформалармен, соның ішінде «Үлкен секіріс» (1958–1962) саясатының салдарымен байланысты. Аталған кезеңде елде ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру, өндірістік жоспарлардың орынсыз ұлғаюы және басқару жүйесіндегі қателіктер нәтижесінде жаппай ашаршылық орын алды.

Коммуналарда ортақ асханалар енгізіліп, өнім көлемі асыра көрсетілгендіктен, ауылдарда азық-түлік тапшылығы пайда болды және жаппай аштыққа ұрындырды; Жеке шаруашылықтар жойылып, адамдардың тұрмыстық еркіндігі шектелді; «Аула пештері» (кустарная металлургия) науқаны еңбек пен ресурстың босқа жұмсалыуына әкелді; «Төрт зиянкеске» қарсы күрес кезінде табиғи тепе-теңдік бұзылып, егінге зиян тигізді; Мәжбүрлі еңбек және әкімшілік қысым халықтың өмір сүру деңгейін төмендетті. Нәтижесінде халық аштық, материалдық тапшылық, жеке өмірдің шектелуі, ауыр еңбек және қорқыныш атмосферасын бастан өткерді. Бұл тарихи кезеңде Қытай Коммунистік партиясы билік басында болды, ал партия жетекшісі ретінде Мао Цзэдун тұрды. Халықтың тікелей осындай хәлге душар болуы оның “Үлкен секіріс”- деп аталатын саяси реформасына тікелей қатысты болды [1; 770-772].

Көші-қон және шекара асу тәжірибесі. 1960-жылдардың басында Шыңжаң (Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданы) аумағынан Қазақстанға, әсіресе Қазақ КСР жеріне жаппай көші-қон орын алды. Зерттеушілердің мәліметі бойынша, 1962 жылдың наурыз–мамыр айлары аралығында Қытай–Кеңес шекарасын 60 000–100 000 адам заңсыз кесіп өткен. Қоныс аударушылардың басым бөлігі қазақтар болса, ұйғыр, дунген, татар, қырғыз және өзбек этностары да болған [1; 771].

Отбасылық дерек бойынша, менің атам да сол тарихи көші-қон толқыны кезінде Қытайдан үлкен ағасының көз алдында аштықтан қаза тапқанын көріп, ал ортаншы бауыры қалып қоюына байланысты кетуге мәжбүр болды. Алғашқыда олар Шыңжаңға жеткізілген, бірақ Қазақстан шекарасынан өту кезінде атам өзінің жақын досымен бірге өте алмай қалған. Себебі: қытай азаматтарының КСРО-ға өтуіне тікелей шектеу қойылған - деп айтып кеткен. Кейіннен атам мен басқа да адамдар автобуспен Қазақстан аумағына жеткізілді. Бұл топта әртүрлі ұлт өкілдері болды. Қазақстанға келгенде орыс, қазақ тілдерін білмеген, бұл жаңа ортаға бейімделуді қиындатты. Ол Қазақстан азаматтығына құжат тапсырғанда, туған жылын 1938- жыл емес 1940 ж туылды деп жазған, ал тегі Гунь Вэнь емес Ко-фен деп қате жазылған.

Қазақстанға келген соң Тескенсу ауылына орналастырылды. Қоныс аударушылар «барак» типтес уақытша тұрғын үйлерге жайғастырылды. Кеңестік кезеңде мұндай баспаналар жұмысшылар мен қоныс аударушыларды тез орналастыру үшін кеңінен қолданылған. Атам алғашқы жылдары мынадай жұмыстар атқарған: Жалдамалы жұмысшы ретінде еңбек ету; Ағаш отырғызу, жер өңдеу жұмыстарымен айналысу; Мал

шаруашылығында жұмыс істеу; Жеке адамдардың қойларын бағып, көмек көрсету. Белгілі бір уақытта «Қонаев дачасы» құрылысына қатысқан. Қоныс аударушылардың бір бөлігі саяжай аймақтарындағы жер жырту, көгалдандыру, құрылыс жұмыстарымен айналысқан. Отбасылық деректер мен атамның әкеме айтып қалдырған естеліктеріне сәйкес, Қазақстанға келгеннен кейінгі тұрмыс жағдайы, Қытайдағы сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалмен салыстырғанда біршама тұрақты әрі ұйымдасқан сипатта болған. Қоныс аударушылар уақытша «барак» типтес тұрғын үйлерге орналастырылып, негізгі қажеттіліктермен, соның ішінде азық-түлікпен қамтамасыз етілген. Атамның айтуынша, бастапқы бейімделу кезеңі тілдік және мәдени айырмашылықтарға байланысты оңай болмағанымен, жергілікті орта тарапынан көрсетілген қолдау мен түсіністік олардың жаңа қоғамға орнығуына мүмкіндік берген. Бұл жағдай атамның жадында Қазақстан жеріндегі алғашқы жылдардың адамгершілік пен қамқорлыққа негізделген кезеңі ретінде сақталған [2].

Атам алғашқы некесін орыс ұлтынан шыққан Головина Зоя Михайловна атты әйелмен құрды. Осы некеден үш бала дүниеге келген: Головина Наталья Николаевна (1964 жылы туған), Головина Андрей Николаевич, және Головина Татьяна Николаевна (1969 жылы туған). Кейіннен бұл некеден туған екі қызы – Надежда мен Голина туралы да айтылады, алайда олардың бала кезінен шетінеп кеткені белгілі. Бұл отбасы тарихы туралы ақпарат Головина Татьяна Николаевна естеліктерінен алынған. Кейін Алматы қаласында әжем - Агибаева Шайзада Аманқасқызы екеуі танысып, екінші некесін қиып отбасы құрды [3].

Менің әжем - Агибаева Шайзада Аманқасқызы (туғандағы есімі - Шахизада) - қазақ отбасында дүниеге келген. Шежірелік деректер бойынша, ол Орта жүздің керей руынан тарайды. Әкесі — Агибаев Аманқас - Балқаш қаласындағы металлургиялық зауытта цех басшысы қызметін атқарған. Ол 1977 жылы, 62 жасында өмірден өткен. Бұл кезеңде апам небәрі 25 жаста болған. Апамның анасы - Абдрахманова Бибіжамал (1927 ж.т.) - Семей қаласында дүниеге келген. Кейін тұрмысқа шыққан соң жолдасының тегін қабылдаған. Отбасылық естеліктерге сәйкес, Бибіжамал әже сауда саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, шамамен 15 жыл бойы дүкенде сатушы қызметін атқарған. Апамның айтуынша, кеңестік кезеңде дүкенде жұмыс істеу үлкен жауапкершілік пен сенімді талап ететін, екіншісі біріне бұйыра бермейтін қызмет саналған. Сол уақыттағы азық-түлік тапшылығы жиі байқалған жылдарда олардың отбасында салыстырмалы түрде тұрмыстық тұрақтылық сақталғаны жөнінде әжем жиі айтып отырған. Апам көпбалалы отбасында тәрбиеленген. Туған бауырлары: Гаухар (1946 ж.т.) - балалық шағында қайтыс болған; Баян (1948 ж.т.); Саян (1950 ж.т.); Шайзада (1952 ж.т.); Қапамбай (1954 ж.т.); Марина (1960 ж.т.).

Апамның Балқаш қаласынан Талдықорғанға бірінші некеге тұрмысқа шығуы оның жеке өмір жолындағы маңызды кезең болды. Осы некеден бір ұлы - Кумаров Дархан дүниеге келген. Кейіннен апам Алматыға көшіп, сол жерде болашақ жары - менің атаммен танысып, екінші некесін қиып отбасы құрды. Осылайша, апамның өмір жолы отбасылық тағдыр мен көші-қон үдерістерінің тоғысқан тұсында қалыптасты. Атам мен әжем алғашында Алматы облысының Бабатоган елді мекенінде тұрған, ауыл шаруашылығы жұмыстарына араласқан. Кейін Шелек ауылына көшіп, пәтер жалдап тұрған. Осы уақытта екі ұлы дүниеге келген: үлкен ұлы - менің көкем Ко-Фен Руслан Чуанович (1981), ал кіші ұлы - менің әкем Ко-Фен Константин Чуанович (1982). Ауыл ішінде әжемді-Шура, ал атамды Коля – Николай деп атап кеткен. Атам мен әжемнің жасы келгеніне қарамастан, еңбек етуді тоқтатағанын әлі күнге дейін жақсы есімде сақтаймын. Сол сәттер бізге еңбекқорлықты, табандылықты, сауда жасау мәдениетін және жауапкершілікті кішкентай кезден үйретті. Сол арқылы біз тағамды ысырап етпеуді, азық-түліктің қадірін білуге, ең бастысы, білім алу мен еңбекке мән беруге үйрендік. Балаларын оқытып өз армандарына жетті. Біздің отбасы үшін білім маңызды болды. Әкем мен көкем алты жасында бірінші сыныпты мектеп-интернатта оқыған, кейін Қаратұрық интернатында білімін жалғастырған. Көкем тоғыз сыныпты аяқтап, Шелек политехникалық колледжінде аспаз мамандығын үздік тәмамдаған. Ал әкем оқуын үздік тәмамдады. Уақыт өте келе атам мен әжемнің балалары жеке отбасыларын құрып, ұрпақ жалғастығын қамтамасыз етті. Әкем өзінің өмірлік жары ұйғыр қызы - Шарипова Майсамгүл Токтасынқызына үйленіп, отбасын құрды. Бүгінде Ко-фен Гуңь Вэнь Чуанның 4 баласы, 9 немересі, 9 шөбересі бар [4].

Бүгінгі ұрпақ үшін бұл тағдыр тек отбасылық тарих қана емес, сонымен қатар өмірлік сабақ, адалдық пен жауапкершілік үлгісі болып табылады [5]. Атамның жеке өмір жолы — Қытайдың батыс өңірінен Қазақстанға қоныс аудару, жаңа ортаға бейімделу, еңбек ету және отбасы құру - біздің көп ұлтты қоғамдағы тарихпен тығыз байланысты. Олар өздерінің жаңа өмірін Қазақстанның мәдени, әлеуметтік және еңбек саласындағы құрылымдарына сәйкестендіріп, өз ұрпақтарына білімге, адал еңбекке, бір-біріне және өзге ұлттарға құрметпен қарауға негіз қалдырды [6]. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз ресми сөздерінде қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты Қазақстанның «бағасыз ұлттық бренді» деп атап, бірнеше рет осы бағытты мемлекеттік саясаттың стратегиялық басым бағыты ретінде жариялады [7]. Президентіміз ұлттар арасындағы және әр түрлі діни бірлестіктер арасындағы татулық пен өзге мәдени құндылықтарға сыйластықпен қарау – біздің баға жетпес мұрамыз екенін баса көрсетті, сонымен қатар әр этностық топтың тілі мен мәдениетін дамытуға қолдау көрсету қажеттігін атап өтті. Атам мен әжемнің өмір жолындағы достары мен араласқан көршілерінің айтуынша, олар өте қажымас еңбекқор, жүректері кең, досқа адал, маңайына қамқор және шынайы жанашыр адамдар болған. Атам мен әжемді еске алғанда біз олардың көзі тірісінде махаббат пен қамқорлықтың символы болғанын, шынайы сезім иелері мен ұлтаралық сыйластықты дәріптегендерін көріп өстік. Сол тәрбиелерінің арқасында біз еңбекқорлыққа, өзге ұлт өкілдеріне құрметпен, татулықпен қарауға, олармен достықты сақтауға үйрендік. Атам Қытайдың батыс өңірінен Қазақстанға келгенде жаңа ортаға сіңісіп, қолдауға ие болды. Өз отбасын да құрды. Бұл өмірлік сабақ

олардың тағдырын Қазақстан елінің көп ұлтты мәдениетімен сабақтастырды және әр түрлі халықтар мен салт дәстүрлерді біріктіруге жағдай жасады. Осы жолда олар бір отбасы-жанұя тарихын ғана емес, біздің қасиетті қазақ елінің көп ұлтты қоғамындағы бірлік пен достық-татулық идеяларын байытты. Біз бүгінгі күнде - олардың ұрпақтары ретінде сүйікті Қазақстанымызды бар жүрегімен жақсы көретін, өз еліміздің тарихын қастерлейтін, еңбексүйгіш және көп ұлтты қазақ қоғамның барлық құндылықтарын құрметтейтін азаматтар ретінде дамып келеміз. Атам мен әжемнің тарихи тағдыры, өмірлік тәжірибесі бізге тек әулеттің тарихын, отбасы сабақтарын ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы жауапкершілік, сыйластық және достық қағидаларын меңгеруге үлгі болып қала береді.

Әдебиет:

- 1 Дельнов А.А. Китай. Большой исторический путеводитель. - М.: Эксмо, Алгоритм, 2008. - 848 с.
- 2 Ко-фен Чуань (Гунь Вэнь Чуань) – менің атамның отбасы тарихы және қоныс аудару туралы маған берген сұхбатынан.
- 3 Головина Татьяна Николаевна - менің атам Ко-фен Чуаньның (Гунь Вэнь Чуань) қызымен отбасы тарихы және қоныс аудару туралы маған берген сұхбатынан.
- 4 Агибаева Марина – әжем Агибаева Шайзада Аманқасқызының сіңлісімен әжемнің өмір жолы, балалық шағы және Алматыға келу себептері туралы деректер берген сұхбаттан.
- 5 Ко-фен Руслан - менің атам Ко-фен Чуаньның (Гунь Вэнь Чуань) үлкен ұлы, отбасы және әке туралы жеке естеліктер берген.
- 6 Ко-фен Константин – менің әжемнің (атамның кіші ұлы) отбасы тарихы және әке туралы деректер берген сұхбатынан.
- 7 Тоқаев Қ.К. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында сөйлеген сөзі // <https://www.akorda.kz>

А.А. Круговая, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, исторический факультет, группа ГИ-24-3р, студент
(*Научный руководитель - phd, ассистент профессора А.К. Мейрамбеков*)

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА И BIG DATA В ИСТОРИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ: ВОЗМОЖНОСТИ И ОГРАНИЧЕНИЯ

Историческая наука переживает период серьезных перемен. Оцифровка архивов, появление мощных нейросетей, развитие технологий анализа больших данных постепенно меняют сам подход к изучению прошлого. Казахстан, объявивший 2026 год Годом цифровизации и искусственного интеллекта, активно включается в эти процессы, и исторические исследования здесь занимают особое место.

Целью работы стало изучение возможностей и ограничений применения искусственного интеллекта (ИИ) и технологий Big Data в исторических исследованиях, с акцентом на опыт Казахстана. В Послании Главы государства Касым-Жомарта Токаева от 8 сентября 2025 года «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта» была поставлена стратегическая задача превращения страны в полноценную цифровую страну в течение 3 лет [1]. Концепция развития искусственного интеллекта на 2024-2029 годы определяет данные, инфраструктуру, человеческий капитал и научные исследования как 4 ключевых направления развития ИИ [2]. В январе 2026 года был представлен первый комплексный обзор «Kazakhstan AI Country Report», зафиксировавший рост венчурных инвестиций в ИИ-сектор с 14 млн до 73 млн долларов за 2023-2025 годы и появление первого казахстанского ИИ-единорога Higgsfield AI [3]. Все эти процессы затрагивают и гуманитарную сферу, где ИИ становится новым инструментарием для историков и архивистов.

Одно из главных преимуществ ИИ заключается в способности обрабатывать колоссальные объемы исторической информации. Среди международных проектов выделяется «Машина времени Венеции» (Venice Time Machine), цель которого состоит в создании многомерной цифровой модели города, охватывающей более чем тысячелетнюю историю. Планируется оцифровать около 80 километров архивных полок и построить «семантический граф связанных данных», где имя из налоговой декларации связывается с адресом на карте, а местоположение привязывается к изображению здания на картине того периода.

В Казахстане развернута комплексная государственная программа создания цифровой инфраструктуры. Проект Национального цифрового архива к 2026 году должен объединить материалы из архивов, музеев и библиотек всей страны. Архив Президента РК перевел в цифровой формат свыше 29 млн листов документов, включая материалы о политических репрессиях. С 2007 года функционирует Казахстанская национальная электронная библиотека (КазНЭБ). Реализуется совместный проект с Гарвардским университетом по оцифровке казахстанской коллекции редких книг из Библиотеки Хоугтон. На основе оцифрованных массивов Институт истории государства совместно с АО «Qazcontent» разрабатывает ИИ-платформу для портала Qazaqstan tarihy (e-history.kz), где уже доступно более 1000 электронных книг по истории, а за 2024 год портал посетили более 2,1 млн уникальных пользователей [4].

ИИ демонстрирует серьезные успехи в работе с текстовыми источниками. Проект Ithaca от DeepMind, нейросеть на основе архитектуры-трансформера, решает 3 задачи: восстановление поврежденных